

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Адастана

Ақшамы

25 ЖЫЛ

ОҚЫРМАН
ОЛЖАЛАҒАН

Қазақстандағы қор нарығы

«Доллар 334 теңгеден асты. Қазақстан қор биржасының (ҚҚБ – KASE) таңертеңгі сессиясында доллардың орташа бағамы 2018 жылы 12 маусымда 334,54 теңгені құрады. Бір күн бұрынғы бағамен салыстырғанда ұлттық ақшамыз 0,86 теңгеге арзандады. Астананың ақша айырбастау нүктелерінде америка валютасы – 335,3 теңгеге, Алматыда 335,6 теңгеге сатылуда» деп хабарлады capital.kz сайты. Біз күнделікті осындай ақпараттарды жиі оқимыз.



Десек те, қаржылық операциялар ҚҚБ-дағы ақшалар нарығында жүргізілетінін біле бермейміз. Жалпы, еліміздің қор нарығы қалай жұмыс істейді? Банк жүйесі мен қор нарығының ерекшеліктері қандай? Бағалы қағаздар нарығы дегеніміз не? Осындай сауалдарға төмендегі сараптамалық

мақалада жауап беруге тырыстық.

Қазақстан қор биржасы (ҚҚБ) – бұл қаржы құралдарын сатуға арналған әмбебап биржа. Онда акциялар, облигациялар, инвестициялық қорлардың паилары, мемлекеттік бағалы қағаздар, шетел валюталары және деривативтер сатылады. ҚҚБ-на биыл 25 жыл толады. Акционерлерінің саны – 53. Соның ішінде 50,1%-ы Ұлттық банкке, 27,4%-ы екінші деңгейдегі банктерге, 64%-ы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ), қалған акциялары брокерлерге, жеке инвесторларға тиесілі. Жалпы алғанда, ҚҚБ-ның 57 мүшесі бар. Жыл сайын жаңа мүшелер қосылып отырады. Биыл «Фридом Финанс» инвестициялық компаниясы, «Цесна Капитал» және «Tengri Bank» АҚ қосылды. ТМД-дағы биржалардың ішінде көлемі жөнінен 2-орын алады.

Әмбебап биржада 2017 жылы 151,5 трлн теңгеге – 302,1 мың, 2018 жылы 1-тоқсанда 33,8 трлн теңгеге 92,7 мың мәміле жасалыпты. Ал өткен 5 айда сауда-саттық көлемі 54,7 трлн теңгені құрады. Айтарлығы, ҚҚБ-да 100 мың жекелеген инвесторлар бар. Мысалы, бағалы қағаздар нарығын алсақ, 2018 жылдың 3 айында 895 шот ашылған. Биржадағы саудаға мүшелік мәртебесін алған қаржы ұйымдары ғана қатыса алады. Ал жеке және заңды тұлғалар ҚҚБ-ның мүшелерінің клиенті болу арқылы саудаласады.

Қаржылық сауаттылық – түйткілді мәселе.

Қазақстан қор биржасының вице-президенті Андрей Цалюктің пікірінше, отандық қор нарығының қалыптасуына алуан түрлі факторлар әсер етті. Отандық сарапшы елімізде қор нарығына кірген азаматтардың саны аздығын

айтады. «Қазақстанда орта таптың санының аздығы да үлкен рөл ойнады. Ол соңғы кездері айтарлықтай өсуде. Бағалы қағаздар нарығы осы тапқа арқа сүйейді. Бізде бума-бума ақшасын бизнеске салатын байлар да, жалақыдан екінші жалақыға дейін өмір сүретін кедей адамдар да бар. Қор нарығына ақша салу үшін әуелі күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандырып алған абзал» деген ойымен бөлісті А.Цалюк. Оның айтуынша, қаржылық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік әрқашанда мол. Мысалы, соңғы кездері ғаламтордағы сауда-саттық жақсы дамыды. Жаһантордың мүмкіндігін сәтті пайдалануға болады. «Ең бастысы – клиенттерді нарыққа тарту. Біздің өкілдеріміз өңірлерде кәсіпкерлермен кездеседі. Олардың арасында Қазақстанда қор нарығы бар екенін білмейтіндер көп. Сондықтан біз – алғашқы деңгейдеміз» дейді Қазақстан қор биржасының вице-президенті.

Биржа да жалғыз,
депозитарий де жалғыз

Биржадағы саудаға қалай араласуға болады? Ол үшін әуелі бағалы қағаздар нарығын реттейтін заңнаманы білу керек. Одан кейін ҚҚБ-ның мүшелері арасынан бір брокерлік компанияны таңдайсыз. Сол компанияда шот ашып, бағалы қағаз сатып аласыз. Сәл кейінірек оны сатуға толық құқыңыз бар. Бірақ сол брокерлік компанияны қалай дұрыс таңдау керек? Мысалы, ҚҚБ-ның мәліметі бойынша «Фридом Финанс» инвестициялық компаниясының корпоративтік облигацияларына 2017 жылы 108% сұраныс болған. «Фридом Финанс» АҚ-ның басқарма төрағасы Роман Миникеевтің сөзіне қарағанда, клиенттер әртүрлі болып келеді. Олар бірнеше брокерлік компаниядан шот ашып, өз тәуекелдерін әртараптандыруды көздейді.

«Бұдан тәуекел азаюы мүмкін. Назар аударатын жайт, Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығында брокер өзінің теңгеріміне клиентінің активтерін алмайды. Себебі ол банкротқа ұшыраған жағдайда кез келген клиенттің активтері Ұлттық банктегі орталық депозитарийге аударылып, басқа брокерге беріледі. Ал шетелдерде мұның тәртібі бөлек. Бәлкім, бізде тәуекелдерді азайтып, жекеменшік инвесторлар брокерлік компаниялармен жұмыс істеуге күдіктенбеуі үшін осындай тәртіп енгізілген болар. Еліміздегі бағалы қағаздар есебін орталық депозитарий ғана жүргізуге құқылы. Айтарым, шетелдерде әртүрлі тәсілдер қолданылады. Дамыған елдерде, соның ішінде Ресейде мұндай депозитарийлердің саны бірнешеу. Ал бізде жалғыз депозитарий, жалғыз биржамыз бар» дейді ол. Төрағаның айтуынша, компанияның клиенттер базасында 50 мыңға жуық адам бар. «Қазіргі кезде «Фридом Финанс» компаниясының 35 мың клиенті бар, оған «Асыл Инвесттің» 20 мыңы қосылады. Өйткені «Асыл Инвесттің» бізге қосылу үдерісі жүріп жатыр» деп түсіндірді Р.Миникеев.

Банк пен қордың бәсекелестігі неде?

Жай адамға банк пен қордың айырмасы байқалмайды. Бірақ олардың арасында бәсеке бары анық. Неліктен қазақстандықтар ақшасын қорға емес, банктің депозитіне салады? Бұл сауалға Андрей Цалюк былай жауап берді: «Отандық қор нарығы әуелден банк секторы тарапынан үлкен бәсекелестікті сезінеді. Сол бәсекелестік жойылған жоқ. Біз америкалық емес, германдық модельді таңдадық. Яғни адамдар ақшасын депозиттерде сақтайды. Біз осы модельді өзгертуге ұмтылып жатырмыз. Адамдар барынша көбірек инвестициялауы үшін англо-саксондық модельге ауысуымыз керек. Әрине, несие мен депозитке сұраныс жоғары. Банктер мен қор нарығының нақты бәсекелестігі мынада: банктер халыққа несие беруден табыс табады. Несиенің орнына бағалы қағаздар нарығын қаржыландыру оларға тиімсіз. Сондай-ақ, нарықта бағалы қағаз сатып алу үшін адамдар банктегі депозитін жабады. Бұл да банкке тиімсіз. Өзара іс-қимыл туралы айтсақ, банктер бағалы қағазын сатады да, жиналған ақшаға несие таратады. Яғни бағалы қағаздар нарығы қаражаттың қайнар көзі болып табылады». Оның айтуынша, ҚҚБ-ның сауда алаңында бағалы қағаздармен жасалған операцияларды жүзеге асырғанда түскен кірістер салық салудан босатылады. Ал депозиттен түсетін табыстарға салық салынады.

Қандай компаниялардың
акциясын сатып алған тиімді?

Қазір ол компаниялардың атаулары белгілі. Мемлекеттік органдар IPO жекешелендіру үдерісін Астана халықаралық қаржы орталығының алаңы арқылы жүзеге асыруға уәде беруде. Андрей Цалюк бұл мәселеге төмендегідей түсінік берді: «Ұлттық компаниялардың жекешелендірілуі дәл Астана халықаралық қаржы орталығы алаңында өтетіні әлі шешілмеген. Олар – «Қазақтелеком», «Эйр Астана», «Қазмұнайгаз» сияқты ірі-ірі компаниялар. Тізім жалғаса береді. Ал мысалы «Қазатомөнеркәсіпке» қатысты қызу пікірталас жүріп жатыр. Өйткені ол – аса тартымды және ерекше нысан. Уран қоры жөнінен әлемде 1-орында тұрмыз. Алайда уранды табиғат қойнауынан жай ғана аламыз. Бұл компанияны жекешелендіру қаншалықты дұрыс қадам болмақ дегенді ойлануымыз керек. Сондай-ақ, «Қазақстан темір жолы», «Қазпошта» компаниялары да тізімде бар. Бұл – ірі, квазимемлекеттік компаниялар. IPO бағдарламасын жүзеге асырудың алдында біз Қазақстан қор биржасы аса қолайлы алаң болатынын халыққа жеткізуге тырыстық. Мемлекет ұлттық компаниялар арқылы сол нысандардың табысын халықпен бөлісе алатынын көрсеткіміз келді».

Төлен Тілеубай